

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ТҰЛҒА» МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ, ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗАҢ САЛАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ ЖӘНЕ ӨТЕГЕН СЕЙІТОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ШОЛУ



А.Т. СҰЛТАНОВА,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті, Эконо-
мика және құқық факультеті,
Стратегиялық даму және ғылым
жөніндегі декан орынбасары,
заң ғылымдарының магистрі
(Атырау қ., Қазақстан),
e-mail: sultanova.a@asu.edu.kz



Н.М. ЛУКМАНОВА,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті, Эконо-
мика және құқық факультеті,
Қылмыстық құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі
(Атырау қ., Қазақстан)

2023 жылдың 30-31 қазан күндері Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау облысының әкімдігі, Атырау облыстық соты, Атырау облысының прокуратурасы, Атырау облысының Полиция департаменті, Атырау облысының Әділет департаментінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстан: мемлекет және тұлға» тақырыбында мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақстандық заң саласының негізін қалаушылар Салық Зимановтың және Өтеген Сейітовтің туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

Конференция жұмысына офлайн және онлайн форматта 100-ден астам адам қатысты. Пленарлық отырыста және секцияларда 40-қа жуық баяндама оқылды. Оған «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Атырау облысының әкімі, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Атырау облысы бойынша өкілі, Атырау облысының прокуроры, Атырау облыстық Сотының төрағасы, ҚР Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы, Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының Атырау облысы бойынша өкіл имамы, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Тенгизшевройл» ЖШС, «Норт Капиан Оперейтинг Компани Н.В» филиалының өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгер тұлғалардың ұрпақтары қатысты.

Алғы сөзді Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ ректоры Саламат Нұрмұханұлы Идрисов алып, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мырзаның құттықтау сөзін жеткізді. «Мен тәуелсіздік декларациясын 6 сағат бойы қорғаған және мемлекеттің мүдделерін бәрінен бұрын, шын мәнінде батырлық таныта алған академик Зимановтың батылдығы мен батылдығын атайтын едім. Сондықтан мындаған студенттерді құқық саласында тәрбиелеген, Тәуелсіздіктің басты құжатын әзірлеген, Конституциямыздың мызғымас күшін қамтамасыз еткен академиктің өмір жолы мен тұлғасы өскелең ұрпақ үшін үлгі болуға тиіс. Көптеген жылдар бойы прокуратурада жұмыс істеген Өтеген Сейітовтың еңбектері мен өмір жолы да жастар үшін көрме болып табылады. Мемлекет және қоғам қайраткерлері С. Зиманов пен Ө. Сейітовтың 100 жылдығына арналған конференция жұмысына сәттілік тілеймін. Біздің ортақ міндетіміз – өз еліне адал қызмет еткендерді құрметтеу, олардың есімдері егемен еліміздің тарихында бөлек белгіленген және олардың еңбектерін жас ұрпақ арасында дәріптеу», – делінген құттықтау хатында.

Шақырылған қатысушылар Түркияның Измир демократия Университеті, заң факультетінің деканы, профессор, PhD докторы Ясан Мустафа, Қазақстанның Еңбек ері Жақанов Илия Жақанұлы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Шапақ Үнзила Шапаққызы, заң ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан мен Қырғызстан мәдениет қайраткері, профессор филология ғылымдарының докторы, академик Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлы, мемлекет және қоғам қайраткері Елекеев Ирак Қасымович, мемлекет және қоғам қайраткері Енсегенов Сәрсенбай Құрманұлы, заң ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі комиссиясының мүшесі, заңгер-жазушы Алауханов Есберген Оразұлы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, заң ғылымдарының докторы, ҚР Заңнама және құқықтық аппарат Институтының бас ғылыми қызметкері Ахпанов Арстан Нокешович, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қауымдастырылған профессор, заң ғылымдарының кандидаты Мәлікова Шолпан Балтабекқызы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шаяхметова Жанна Бекболовна С. Зиманов пен У. Сейітовтың өмір жолы, олардың қызметі, ғылымға және Қазақстанның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі туралы баяндамалар жасады.

Конференция барысында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша «Университеттің құрметті профессоры» атағын иемдену туралы куәліктер ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі, заңгер, жазушы Есберген Алауханов және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шолпан Маликоваға табысталды.

Сонымен қатар салтанатты іс-шараға қатысушылар академик Салық Зимановтың ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімінен кейін, университет қабырғасында қоғам және мемлекет қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Атыраудың абыз перзенті Салық Зиманұлы Зимановтың атындағы аудиторияның ашылу салтанатына қатысты. Сондай-ақ, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кеңесі құқық саласы бойынша білім алушыларға арналған С. Зиманов атындағы арнаулы стипендия тағайындау жөніндегі шешімі бойынша, ғылым мен оқу үлгерімі жақсы 14 шәкірттің арасынан, оза шауып, жеңімпаз атанған Құқықтану мамандығының 4 курс студенті Мөлдір Медетоваға табысталды. Ал Атырау облысы прокуратурасының ұйымдастыруымен ҚазССР-нің бас прокуроры, Республикаға еңбегі сіңген заңгер, прокуратураның құрметті қызметкері Өтеген Сей-

товтің туғанына 100 жыл толуына орай Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті құқықтану, құқық қорғау қызметі мамандықтарының шәкірттеріне Ө. Сейітов атындағы эссе жазу тақырыбындағы байқаудың жеңімпазы Құқық қорғау қызметі білім бағдарламасының 4 курс студенті Дәурен Бақыт Атырау облыстық прокуратурасы тағайындаған оқуға 50 пайыз жеңілдікті иеленді.

Конференция аясында «Мен Конституцияны жатқа білемін» конкурсы жеңімпаздарының ұйымдастыруымен студенттер арасында Академик Салық Зимановқа арналған «Қазақша QUIZ» ойыны өткізілді, «Заңдық білім – құқықтық мәдениетті қалыптастыру факторы ретінде» атты өңірлердегі заңгер мамандарды дайындаудың өзекті мәселелеріне негізделген әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Конференция жұмысы «С. Зиманов – қазақстандық заң ғылымының абызы», «Азаматтық заңнаманың қолданылу жағдайы және жетілдіру механизмдері», «Қылмыстық-құқықтық заңдарды қолданудың және жетілдірудің өзекті мәселелері», «Құқықтық заңдылықтарды қолданудағы экономикалық аспектілері» тақырыбындағы секцияларда баяндамалар оқумен жалғастырылды.

Конференцияға қатысушылар заң саласының қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосқан атақты заңгер тұлғалардың өмірбаяны мен қызметі туралы баяндамалар жасады. Талқылау және пікір алмасу барысында конференцияға қатысушылар заң ғылымының әртүрлі салаларында, ұлттық және халықаралық заңнамада, экономика саласында теориялық және практикалық маңызы бар өзекті мәселелерді талқылады.

Конференцияның секциялық отырыстарының қорытындысы бойынша:


1. Студенттерді ғылыми жұмысқа тарту мақсатында жыл сайын Зиманов оқуларын тұрақты өткізу.

2. Экономика және құқық факультеті базасында Зиманов мектебін қалыптастыру.

3. Басқа оқу орындарымен бірлескен ғылыми жұмыстар мен жобалардың тізбесін дайындау ұсынылды.

Для цитирования и библиографии: Сұлтанова А.Т., Лукманова Н.М. «Тәуелсіз Қазақстан: мемлекет және тұлға» // Право и государство. № 3 (100), 2023. – С. 80-82. DOI: 10.51634/2307-5201_2023_3_80

Материал поступил в редакцию 11.06.2023.



НОВЫЕ КНИГИ

Ван Лимин. Личные права в гражданском законодательстве КНР. Учебник. – М.: Проспект, 2023 г. – 318 с.

ISBN: 9785392409693

Учебник написан на базе гражданского законодательства, действовавшего до вступления в силу Гражданского кодекса КНР. Однако это обстоятельство само по себе не умаляет значимость теоретического исследования, которое выполнил Ван Лимин, профессор Народного университета КНР, член Комиссии по разработке проекта ГК КНР. В издании выделены общая и особенная части. В общей части раскрыты общие положения личных неимущественных прав, включая их защиту. В особенной части исследованы некоторые отдельные виды личных прав. Для студентов, аспирантов, преподавателей юридических вузов и факультетов, научных работников, а также всех, кто интересуется иностранным гражданским правом.